

Ақжайық аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №57-16 "2021-2023 жылдарға арналған Ақжайық ауданы Қабыршақты ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 4-10 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 7073 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақжайық аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжайық аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 57-16 "2021 - 2023 жылдарға арналған Ақжайық ауданы Қабыршақты ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6734 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Қабыршақты ауылдық округінің бюджеті 1, 2 және 3 –қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 21 128 мың теңге:

салықтық түсімдер – 483 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 173 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 244 мың теңге;

трансферттер түсімі – 20 228 мың теңге;

2) шығындар – 21 933 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 805 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 805 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 805 мың теңге.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (А.Умбеталиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Ерментаева

Ақжайық аудандық мәслихат хатшысы

С. Сиражев

Ақжайық аудандық
мәслихатының 2021 жылғы
23 сәуірдегі №4-10 шешіміне
қосымша

Ақжайық аудандық
мәслихатының 2020 жылғы
29 желтоқсандағы №57-16
шешіміне 1-қосымша

2021 жылға арналған Қабыршақты ауылдық округінің бюджеті

Санаты					Сомасы , мың теңге
Сыныбы					
Кіші сыныбы					
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				1) Кірістер	21128
1				Салықтық түсімдер	483
	01			Табыс салығы	47
		2		Жеке табыс салығы	47
		04		Меншікке салынатын салықтар	436
			1	Мүлікке салынатын салықтар	28
			3	Жер салығы	15
			4	Көлік құралдарына салынатын салық	393
2				Салықтық емес түсімдер	173
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	173
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	173
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	244
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	244
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	244
4				Трансферттердің түсімдері	20228
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	20228
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	20228
Функционалдық топ					Сомасы ,
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					

Бағдарлама					мың теңге
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	21933
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	19969
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	19969
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19969
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19969
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1964
	3			Елді-мекендерді көркейту	1964
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1964
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1464
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
			011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	500
13				Басқалар	0
15				Трансферттер	0
				3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
Санаты					Сомасы
	Сыныбы				,
	Кіші сыныбы				мың
	Ерекшелігі				теңге
				Атауы	
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-805
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	805
7				Қарыздар түсімдері	0
Функционалдық топ					Сомасы
	Кіші функция				,
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				мың
	Бағдарлама				теңге
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
16				Қарыздарды өтеу	0
Санаты					

Сыныбы			Сомасы , мың теңге
Кіші сыныбы			
Ерекшелігі			
Атауы			
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	805
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	805
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	805

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК